



ПРЕЗИДЕНТ ЕКІНШІ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

С а м м и т і
ашқан Қазақстан
Президенті ҚХР
Төрағасына және
Қырғызстан,
Тәжікстан,
Түрікменстан мен
Өзбекстан басшы-
ларына ілтипат
білдірді.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Сондай-ақ Саммит жұмысына белсене атсалысып, өңірлік ынтымақтастыққа ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан бауырлас мемлекеттердің басшыларына ризашылығын жеткізді.

– Жиынға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік қарым-қатынасқа, достық пен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді рөлін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллион-дай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау оң үдерісте Қытай Халық Республикасымен сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, кез келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін береді.

– Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл – рекордтық жеке. Аталған көрсеткіштің 46 пайызы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін көршілес ел бізге 26 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнымайтынын растады.

– Қазақстанда экономикалық өсімге серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Өсіресе, Қытаймен бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында сұранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялар мен тиімді су үнемдеу әзірлемелерін қолданысқа енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын ло-



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» ЕКІНШІ САММИТІ
2025 жылғы 17 маусым, Астана

第二届中国—中亚峰会
2025年6月17日, 阿斯塔纳

ВТОРОЙ САММИТ
«ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ – КИТАЙ»
17 июня 2025 года, Астана



кализациялау ісіне атсалысады деп үміттенеміз. Елдеріміз арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргідей геосаяси ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

– Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабқа айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлықаралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі аймақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы ықпалдастықты өңірдің орнықты дамуына әсер ететін ең басты факторлардың бірі ретінде атады.

– Біз озық технологиялар алмасуға және энергетика инфрақұрылымдарын жаңғыртуға ниеттіміз. Сондай-ақ аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуге және қуат көздерін әртараптандыруға мән берген жөн. Қытай Халық Республикасының ядролық энергетиканы дамытудағы бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Жуық арада келісімге қол қоюға дайындаламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасына жоғары баға берді. Оның пікірінше, бұл теңқұйлы серіктестік, ортақ игілік пен өзара құрмет қағидаларына толық сай келеді. Мемлекет басшысы аталған ұстанымдар бүгінгі Саммит қорытындысы бойынша қол қойылатын «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартта» көрініс табатынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азияның бейбітшілік, орнықты қауіпсіздік пен өнімді ықпалдастық мекені болғанын қалайды. Еліміз діни экстремизммен, терроризммен, сеп-

ратизммен, есірткі тасымалдаумен, заңсыз қару-жарақ саудасымен, рұқсатсыз көші-қонмен және адам саудасымен ымырасыз күресті жалғастыруға әзір. Халықаралық киберқылмыстың өршуі айрықша назар аударуды талап етеді. Осыған орай Президент салалық ведомство басшылары арасында тұрақты байланыс орнатуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия мен Қытай халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жоғары қарқынына тоқталды. Мәдени орталықтардың ашы-

луы, креативті индустрия және туризм салаларының дамуы осы бағыттағы басты басымдықтар ретінде аталды.

– Сиань қаласынан Алматы шаһарына қатынайтын алғашқы туристік пойыздың іске қосылуын құптаймыз. «Қазақстандағы Қытай туризмі жылына» орайластырылған бұл оқиға ғасырлар бойы Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дәнекер болған Ұлы Жібек жолының рухын жаңғыртады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы мен Шанхай қалалары, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың бірқатар өңірлері арасында бауырластық қарым-қатынас орнанынын қуаттады.

Мемлекет басшысы Қытай тарапының Орталық Азиямен ынтымақтастыққа арналған атаулы жылдар ұйымдастыру бастамасына қолдау білдіріп, келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл қадам елдеріміздің гуманитарлық ықпалдастығын жандандырады.

Қазақстан білім беру инфрақұрылымын жасақтауға және жаңа технопарктер ашуға белсенді түрде кірісті. Осы орайда Қытайдың алпауыт технологиялық компанияларының қатысуымен бірлескен зертханалар мен инженерлер академиясын іске қосуға бейіл. Президенттің пікірінше, кәсіби мамандардың жаңа буыны өңірдің цифрлық, «жасыл», индустриялық трансформациясына түрткі болатын қозғаушы күшке айналады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Қытай» форматының 2026-2030 жылдарға арналған ұзақмерзімді даму стратегиясын әзірлеу қажет деп санады.

Президенттің пікірінше, бүгінгі Саммит елдеріміздің тату көршілік қатынасты, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты дамуға мүдделі екенін растады. Мемлекет басшысы жиын барысында айтылған ұсыныстар мәңгі достық пен стратегиялық серіктестікке берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ ортақ күш-жігер жұмылдырудың нәтижесінде «Орталық Азия – Қытай» форматын институттандыру ісі табысты жүзеге асқанын атап өтті.

Екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Форум қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитінің Астана декларациясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды.

akorda.kz

АЛАКӨЛ ЖАҢА ТУРИСТІК МАУСЫМҒА ДАЙЫН: ЖЕТІСУДАҒЫ 10 ОҢ ӨЗГЕРІС



Биыл шомылу маусымына қарай жаңарған инфрақұрылымы бар, ыңғайлы көлігі қарастырылған, қауіпсіздік шаралары күшейтілген Алакөл туристерді қарсы алуға дайын, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы орайда назарларыңызға жаңа маусымның 10 басты игілігін ұсынамыз:

1. Ұшарал қаласы бағытында әуе рейстерінің саны артты. Енді Алакөлге күн сайын Астана және Алматы қалаларынан «Алматы-Ұшарал» және «Астана-Ұшарал» бағыттары арқылы жетуге болады.

Мемлекет тарапынан субсидияланған билеттер құны - небәрі 20 000 теңге. Әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңартудың арқасында Ұшарал қаласында ірі әуе кемелерін қабылдауға жағдай жасалған.

2. Жазғы шомылу маусымына қарай қосымша пойыздар іске қосылды. Көлге 13 пойыз жүреді, оның ішінде Астана мен Алматыдан «Талығ» жүрдек пойызы да бар. Өскемен, Павлодар, Қызылорда, Семей және Ақтоғай бағыттары қосылды.

3. Ақши және Көктұма ауылдарына автобус маршруттары ұйымдастырылды. Алматыдағы «Сайран» және Талдықорғандағы автобекеттерден автобустар тұрақты жүреді. Билет құны - 5 000 теңгеден 9 000 теңгеге дейін.

4. Ақши ауылында дәрігерлік амбулатория, дәріхана және тәулік бойы Жедел жәрдем жұмыс істейді. Облыс орталығынан хирургтар, кардиологтар, травматологтар және басқа да мамандар іссапарға жіберіледі.

5. Судағы қауіпсіздікті және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін биылғы шомылу маусымында Ақши ауылында тәулік бойы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқару бөлімшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылады. 19 құтқарушы мен қосымша 28 полиция қызметкері жағалауда тәртіпті қамтамасыз етеді. Құтқару жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін 9 құтқару мұнарасы орнаты-

лады.

6. Тыйым салынған жерлерде су көліктерінің бақылаусыз қозғалысы мәселесін реттеу мақсатында Жетісу облысында Суды ортақ пайдалану ережесі бекітілді. Ережелердің сақталуын көліктік бақылау инспекциясы жүргізеді, бұл ретте инспекторлар саны ұлғайды. 3 су көлік тұрағы және құдық бұзушыларға арналған арнайы 1 ақыппұл тұрағы болады.

7. Байланыс пен Интернеттің сапасын арттыру мақсатында жағалауда 16 базалық станция жұмыс істейді. 2024 жылы оптикалық-талшықты желі тартылды. Интернет байланысына туристік нысандар кезең-кезеңімен қосылуда.


8. Сондай-ақ жағалаудың санитарлық инфрақұрылымын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылданды. Бүгінге дейін 11 санитарлық-гигиеналық торап қойылған, маусымның соңына дейін тағы 12-сі қойылады. Қосымша 60 қоқыс жәшігі қойылып, 20 биотуалет орнатылады.

9. Ақши ауылында кәріз-тазарту қорылысы бастады, бұл – өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген маңызды қадам.

10. Электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жаңа «Ақши» қосалқы станциясының құрылысы жүргізілуде, биыл Бескөлден Ақшиге дейін жоғары вольтты электр беру желілерін салу жұмыстары аяқталады. Сондай-ақ, Көктұма және Ақши ауылдарында жағалауды нығайтудың ауқымды жұмыстары басталды.

Жетісу облысының Алакөл демалыс орны туризмнің ең танымал бағыты ретінде үнемі даму үстінде. Оған көлікпен бару мүмкіндігін кеңейту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жағалаудың экологиялық инфрақұрылымы мен заманға сай қолайлы жағдай жасау – қазақстандықтар мен шетелдік туристер үшін көп жағалаудың демалуды жайлы ете түседі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ҚҰРМЕТТІ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР!



Сіздерді Мемлекеттік қызметкерлер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – сіздердің ел үшін жасап жатқан еңбектеріңізге деген шынайы құрметтің белгісі. Мемлекеттік қызметте жүрген әрбір маман қоғамның әл-ауқаты үшін ең маңызды жұмыстарды атқарып келеді.

Сіздердің жұмыстарыңыз – тек қана қағаздармен, есептермен немесе статистикамен жұмыс істеу емес. Бұл – халықтың сенімін ақтау, олардың үмітін арқалау. Күн сайын түрлі сынақтармен, қиындықтармен бетпе-бет келіп, өз міндеттеріңізді орындау – үлкен қажыр-қайрат пен кәсібилікті талап етеді. Бірақ сіздер осы жолда әрдайым алдыңызда тұрған кедергілерді жеңіп, ел игілігі үшін адал қызмет етесіздер. Елдің болашағы үшін атқарылып жатқан барлық жұмыстар маңызды, және оларды жүзеге асыру жолында сіздердің қажырлы еңбектеріңіз ешқашан назардан тыс қалмайды.

Мемлекеттік қызметкер болу – бұл тек мамандық емес, бұл – елге деген шынайы патриотизм, жауапкершілік және адалдық. Сіздер қоғамның өртүрлі салаларында, түрлі жағдайлар мен қиындықтар арасында өз міндеттеріңізді орындай отырып, мемлекетіміздің дамуына баға жетпес үлес қосып отырсыздар. Әрбір атқарылған іс, әрбір қабылданған шешім еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, адамдардың өмірін жеңілдетуге көмектеседі.

Қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан өзгерістерге белсенді қатысып, жаңашылдықтарды енгізу сіздердің күнделікті жұмыстарыңыздың маңызды бөлігіне айналды. Сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесінде қоғамда әділдік, тұрақтылық, қауіпсіздік орнайды, халықтың әл-ауқаты артады. Елді өркендету жолындағы қадамдарыңыз ешқашан ұмытылмайды, олар өз жемісін береді.

Бұл қызметті таңдаған кезде сіздер тек кәсіби маман ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпаққа үлгі болатын, мемлекеттің бет-бейнесі мен сенімді тірегі болуға шешім қабылдадыңыздар. Әрбір мемлекеттік қызметкер – елдің әлеуметтік және экономикалық дамуының басты қозғаушы күштерінің бірі. Сіздерге зор денсаулық, отбасыңызға бақыт, қызметте жаңа жетістіктер мен биік белестер тілеймін. Ел алдындағы жауапкершілігіңізді абыроймен алып, қызмет жолында жеңістерге жетуіңізді тілеймін! Әрбір мемлекеттік қызметкердің еңбегі бағаланып, ардақталуы тиіс, себебі сіздер – еліміздің болашағының негізін қалаушыларсыздар.

Алдағы уақытта да еліміз үшін жасаған істеріңіз жемісті болсын, баршаңызға шығармашылық табыс пен күш-жігер тілеймін!

Е.АХМЕТОВ
Ескелді ауданының әкімі

ЖЫЛДАМ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ: БАЛҚАШ КӨЛІНЕ ДЕЙІНГІ ЖОЛ ЖАҢАРЫП, КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ҮШІН АШЫЛДЫ

Жетісу облысында Балқаш көліне дейінгі жол қайта жаңғыртудан кейін көлік қозғалысы үшін ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Балқаш көлі – Жетісу өңірінің туристік әлеуетін танытатын нысанның бірі. Еске салсақ, Балқаш көліне көлікпен бару жағдайын жақсарту үшін көлге апаратын жол екі учаскеге бөлініп, жаңғырту жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, ұзындығы 27 км «Лепсі – Балқаш көлі» жолы өткен жылы пайдалануға берілді. «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35 - 110 шақырымы бұған дейін жоспарланғанындай, жуырда жол асфальттың төменгі жабынымен көлік қозғалысы үшін ашылды.

беткі қабатын төсеу жұмыстары қалды. Одан кейін абаттандыру жұмыстары атқарылады. Жол бойында 4 демалыс алаңы орнатылған, онда аялдама, санитарлық торап қарастырылған. Жол құрылысын жүргізген мердігер мекеме жол сапасына 5 жылға дейін кепілдік береді. Қандай да бір ескертпелер, ақаулар шығып жатса, өз күшімен ретке келтіреді. Қазір жол құрылысына 65 техника, жүзден астам адам тартылған. Аталған жолды толық пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған, - дейді Жетісу облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаев.



Лепсі ауылында заманауи жаңа темір жол вокзалын салу межеленген. Осылайша жол инфрақұрылымын дамыту арқылы Балқаш көлі жағалауына көлікпен баруға қолайлы жағдай жасалып отыр. Фотосуреттерді түсірген: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі.

2025 ЖЫЛҒЫ «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫНА КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру бойынша конкурстың басталғанын жариялайды.

Грант берудің мақсаты - белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа идеялар мен бастамаларды мемлекеттік қолдау.

2025 жылы республикалық деңгейде 3 млн. теңгеден 30 грант берілетін болады.

Грантқа 14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі (34 жасты қоса алғанда)

Қазақстан Республикасының азаматы үміткер бола алады.

Грант мынадай 6 бағыт бойынша жобаларды іске

асыру үшін конкурстық негізде беріледі:

- «Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;
- «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;
- «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;
- «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;
- «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған;
- «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 16 маусымнан бастап 18 тамыз аралығында (бұл ретте, а.ж. 18 тамыз, сағ.: 24:00-ге дейін) t.urpaktary25@gmail.com электронды поштасы арқылы жүзеге асырылады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 706-618-07-23 (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде):

- 1)-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық өтінім (PDF форматы);
 - 2)-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (word форматы);
 - 3) Жоба бойынша бейнематериал (60 секундтан аспайтын) немесе презентация (10 слайдтан аспайтын);
 - 4) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (word форматы);
 - 5) Зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса, PDF форматы);
 - 6) Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы).
- «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру қағидалары (жүктеу)

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

БИЫЛ БАЛҚАШ КӨЛІ ЖАҒАЛАУЫНДА ЖАРЫҚ ПЕН СУ БЕРІЛЕ БАСТАЙДЫ



Балқаш көлі жағалауында демалушылардың игілігіне инженерлік желілер, яғни электр жарығы мен тұрмыстық қажеттілікке арналған су осы маусымда беріле бастайды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Балқаш» туристік-рекреациялық демалыс аймағының инженерлік-коммуникациялық желілері құрылысының жобасы - Балқаш көлі жағалауын дамыту бағытындағы басты жобалардың бірі де бірегейі. Жобада электрмен және сумен қамту, көріз жүйелері, жағалау жиегіндегі автожол құрылысының жобасы қарастырылған.

- Бүгінгі таңда су құбыры салынып бітті. Қазір бастағанда су тазарту жұмыстары жүріп жатыр. Осы демалыс мауысымында су беруді жоспарлап отырмыз. Сол сияқты электр бағандары қойылып, қуаты 110/35/10 кВ 1 қосалқы станция орнатылды, оған электр қуаты берілді. Электр қуатын берудің екінші кезеңінде әрқайсысының қуаты 10/0,4 кВ болатын 28 трансформаторлық қосалқы станция қойылады. Оған қоса жағалау бойында ұзындығы 9,3 км болатын автокөлік жолын салудың жер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы Балқаш жағалауына инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары 2024 жылы басталған, 2026 жылы бітуі тиіс еді. Жұмыс кестесінен озық келе жатқандықтан, мерзімінен бұрын бітіреміз деген ойдамыз - деді - Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев. Оның айтуынша, көріз құбырлары төселген, көріз тазарту құрылғысына тапсырыс беріліп, зауытта дайындалуда.

Жағалауда демалыс орындары құрылысының бейберекет жүргізілуінің алдын алу үшін қазіргі кезде «Балқаш» туристік-рекреациялық

демалыс аймағының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы дайындалды. Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржановтың сөзіне сүйенсек, бұл демалыс аймағының алаңы 1682,0 га болады. Барлық демалыс базаларының жобалық кезеңдегі бір реттік ең үлкен сыйымдылығы – 23 мың орын, нөмірлердің болжамды саны 7100 бірлік болады деп күтілуде. Нөмір қорының санын есепке ала отырып, көлікке арналған 7200 орындық тегін тұрақ болады.

Және қарапайым халықтың жағалауда демалуына мүмкіндік жасау мақсатында қоғамдық жағажайлар да қарастырылмақ. Бұл туралы Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев айтты берді: - Инженерлік инфрақұрылымы тартылған аймаққа бизнес өкілдері тартылып, демалыс аймақтары бәсекелестік ортада дамиды. Бұл ретте ең алдымен халыққа ортақ қолданыстағы, тегін 6 қоғамдық жағажай жасалады. Мұнда медицина пункті, полиция пункті, құтқарушылық қызмет, ана мен бала бөлмесі сияқты барлық қажеттіліктер қарастырылады. Қоғамдық жағажайды күтіп ұстау аудан әкімдігінің жауаптылығына беріледі. Жағажай қызметі үшін коммуналдық мекеме құру, техника сатып алу жұмыстарына кірістік, - дейді Ғ. Маманбаев.

Қазіргі кезде көп жағалауында 52 мың адам демалса, жағалау қажетті инфрақұрылыммен қамтылып, даму жоспары іске асырылғаннан кейін мұнда маусымнаа 450 мыңнан астам адам демалады деп болжануда. Демалыс орындары мен мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мекемелеріндегі қызметшілер саны туристердің болжамды санының шамамен 20 % құрап, демалыс мауысымында жұмыспен қамтылғандардың саны 4,5 мың адамға жетпек.

Фотосуреттерді түсірген: Дмитрий Ерофеев.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі.



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Электр энергиясы адамның өмірі мен қызметінде үлкен пайда мен ыңғайлықты береді. Бүгінде электр энергиясы пайдаланылмайтын бірде-бір өнеркәсіп саласы немесе өзге сала жоқ. Бизнес-құрылымдар үшін электрмен жабдықтау желілеріне қосылу – маңызды және өзекті мәселе. Электрмен жабдықтауды қалай ұйымдастыруға болады? Барлық қажетті құжаттар мен келісімшарттар қалай рәсімделеді? Осы және басқа да сұрақтарға ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Берік Сатыбалдыұлы сұхбат барысында жауап береді.

- Қайырлы күн, Берік Сатыбалдыұлы! Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне электрмен жабдықтау желілеріне қосу рәсімі бойынша қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді?

- Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының тұтынушылары арасындағы көтерме және бөлшек сауда нарығында туындайтын қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Электр энергетикасы туралы» Заңымен және Электр энергиясын пайдалану қағидаларымен реттеледі.

Елдегі кәсіпкерлік қызметті жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясат аясында және Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі Қазақстанның позициясын көтеру мақсатында электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданды.

Атап айтқанда, ҚР Энергетика министрлігінің Электр энергиясын пайдалану қағидаларына енгізілген өзгерістерге сәйкес:

- электрмен жабдықтау шартына қажетті құжаттар саны 9-дан 7-ге қысқарды;
- техникалық шарттарды беру мерзімі 5 жұмыс күніне дейін қысқартылды;
- тұтынушы тарапынан жобалық құжаттаманы алдын ала келісу талабы алынып тасталды.

-Тұтынушыларды электр энергиясына қосу тәртібі мен мерзімдері өзгерді ме?

- Иә, тұтынушыларды электр желілеріне қосу тәртібі мен мерзімдерінде де оң өзгерістер орын алды. Енді заңды тұлғалар атынан құрылыс-монтаж ұйымдары, ал жеке тұлғалар өздері энергия беруші ұйымға (немесе энергия өндіруші ұйымға) техникалық шарттардың орындалуы және қондырғыларға кернеу беруге дайындығы туралы хабарлама мен шартты акцептеу туралы

өтінішті еркін нысанда жібереді. Энергия беруші ұйым:

- хабарламаны алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды және техникалық шарттардың орындалуын тексереді;
- 3 жұмыс күні ішінде кернеу беріп, есепке алу жүйесін пломбалайды және тиісті акт береді;
- пломбалау актісі берілген соң 2 жұмыс күні ішінде құжаттарды энергиямен жабдықтаушы ұйымға жолдайды.

- Егер энергия беруші ұйым техникалық шарттардың талаптарының орындалмағанын анықтаса, не болады?

- Мұндай жағдайда энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы акт береді. Кемшіліктерді жойғаннан кейін, тұтынушы немесе мердігер ұйым техникалық шарттардың орындалуы және дайындық туралы қайта хабарлама жолдайды. Энергия беруші ұйым бұл хабарламаны 1 жұмыс күні ішінде қарайды. Егер кемшіліктер қайта жойылмаса, келесі тексеру тек 1 айдан кейін жүргізіледі.

- Объектінің меншік иесі ауысқан кезде жаңа техникалық шарттар алу қажет пе?

- Жоқ, техникалық шарттарды қайта рәсімдеудің қажеті жоқ. Алайда меншік иесі өзгерген жағдайда, жаңа меншік иесі мәіншік құқығы тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйымға шартты акцептеу туралы өтініш жолдауы тиіс.

Энергия беруші ұйым 2 жұмыс күні ішінде теңгерімдік тиесілікті және пайдалану жауапкершілігін шектеу актісін береді және энергиямен жабдықтаушы ұйымға құжаттарды жібереді. Бұрынғы меншік иесі электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысу жүргізеді.

- Бұрын тұтынушыға жобалық құжаттаманы келісу қажет еді. Қазір бұл талап бар ма?

- Қазіргі таңда жобалық құжаттаманы энергия беруші ұйыммен алдын ала келісу талабы жойылды. Бұл өзгеріс процесті айтарлықтай жеңілдетеді.

- Электрмен жабдықтау желілеріне қосылу рәсімдері бұзылған жағдайда тұтынушылар қайда жүгіне алады?

-Мұндай жағдайда тұтынушылар ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық департаментіне келесі мекенжай бойынша жүгіне алады: Талдықорған қаласы, Қаратал шағынауданы, 60В, 101 және 103-кабинеттер. Байланыс телефоны: +7 (7282) 41-70-80. Сонымен қатар, «Е-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы да шағым жолдауға болады.

Бұл шара е л д е г і экологиялық ж а ғ д а й д ы жақсартуға, х а л ы қ т ы ң экологиялық мә д е н и е т і н арттыруға және азаматтарды қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тартуға бағытталған. Акция елдің барлық аймақтарын қамтиды, тұрақты экологиялық болашаққа негіз қалайды. Таза экология– бұл экологиялық

Таза Қазақстан

Жалпыұлттық экологиялық акция

сананы арттыру мен табиғатты қорғауға бағытталған ұран. Бұл сөз тіркесі қоршаған ортаны таза ұстау, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану және болашақ ұрпаққа экологиялық таза орта қалдыру идеясын білдіреді. Көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ескелді би мен Шестаков, Балпық би мен Шестаков, сондай-ақ Дайыров пен Шестаков көшелерінің қиылыстарында жол белгілерінің көрінуіне кедергі келтіретін шөптер мен ағаш бұтақтарын тазарту

жұмыстары жүргізілуде. Аталған жұмыстар жүргізушілердің жолда қауіпсіз жүруіне жағдай жасау және жол қозғалысын реттеуге арналған элементтердің көрінуін жақсарту мақсатында жүзеге асырылуда. «Таза Қазақстан» акциясы аясында қаламызда рұқсатсыз қоқыс орындарын анықтау бойынша рейдтер жүргізілді. Жергілікті атқарушы органдар волонтерлер және қала тұрғындары бірлесіп көптеген қоқыс орындары жойылды. Д.АЗАМАТҚЫЗЫ

МАРАЛДЫ АТПА-ТАБИҒАТ ПЕН ӨМІРДІ САҚТА!

Маралды қорғау — бұл экожүйенің тепе-теңдігін сақтау мен биологиялық әртүрлілікті қорғаудың маңызды бөлігі. Марал (лат. Cervus elaphus) — Қазақстан мен басқа да Орта Азия елдерінде кездесетін, орманды және таулы аймақтарда мекендейтін ірі тұяқты жануар. Оның саны соңғы онжылдықтарда адамдардың әсерінен азайып

кеткен. Сондықтан маралды қорғау бірнеше бағытта жүргізілуі тиіс: Біздің ауданда марал тек жабайы бұғы емес. Бұл мыңдаған жылдар бойы табиғатпен үйлесімді өмір сүріп келе жатқан сібір тайгасының тазалығы мен ұлылығының символы. Бірақ, өкінішке орай, адам әрекетінің арқасында Марал популяциясы азайып, жойылып кету қаупі төніп тұр. Сондықтан бұл таңғажайып көріністі сақтау үшін күш-жігердің әр тамшысы маңызды, ал басты ұран-Маралды атпа! Неліктен Маралды өлтірмеу маңызды? Неге маралды қорғау қажет? 1.Экожүйедегі рөлі: Марал — шөпқоректі жануар ретінде қоректік тізбекте маңызды орын алады. 2.Биологиялық әртүрлілікті сақтау: Маралдың жойылып кетуі басқа жануарлар мен өсімдіктерге де кері әсер етеді. 3.Эстетикалық және мәдени маңызы: Қазақ халқында марал киелі жануар саналады, ол туралы аңыздар мен жырлар көп. 4.Экотуризмнің дамуына ықпал етеді: Табиғи мекенінде маралды көру туристерді тарта алады. Табиғи мекендерін сақтау – Ормандарды кесуге шектеу қою – Орман өртіне қарсы шаралар қабылдау – Қорықтар мен ұлттық парктер құру (мысалы, Марқакөл, Баянауыл, Алтай аймағында) Қауіп-қатерлер: •Браконьерлік •Мекендеу ортасының бұзылуы (орман кесу, жол салу) •Климаттың өзгеруі •Жабайы жануарлардың аурулары Сәрікжан ИСТЫБАЕВ, Көксу орманшылығының орман күтушісі

АНЫҚТАЛҒАН ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ЖОЙЫЛДЫ

◆ ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің және оның аумақтық департаменттерінің қызметінің басым бағыттарының бірі – қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтерді алу барысында олардың құқықтарын қорғау болып табылады. Осыған орай, Департамент тарапынан мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізілуде және азаматтардың өтініштерін қарау нәтижелері талданады. Аталған жұмыс мемлекеттік қызметтер көрсету барысында туындайтын мәселелерді анықтап, оларды жоюға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы бағытта, жұмыс шеңберінде мемлекеттік қызмет алушының өтінішін қарау барысында «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі мен тәртібінің бұзылғаны анықталды. Өтінішті қарау нәтижесінде мемлекеттік қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, екі лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 465-бабының 1-бөлігіне сәйкес бір әкімшілік іс қозғалды. Аталған іс негізінде, егер Сіз мемлекеттік қызметтерді алу барысында кедергілер мен бюрократиялық қиындықтарға тап болсаңыз, Департаментке жүгінуге құқылысыз.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті

ЧТО ТАКОЕ КОРРУПЦИЯ?

Коррупция - незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностью в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ. Коррупционное правонарушение - имеющее признаки коррупции противоправное виновное деяние (действие или бездействие), за которое законом установлена административная или уголовная ответственность; Уголовные ответственность и наказание за коррупционные преступления предусмотрены Уголовным кодексом Республики Казахстан, административные ответственность и взыскание за административные коррупционные правонарушения - Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

С уважением, Управление государственных доходов Ескельдинского района!

Исполнено предписание антимонопольного органа

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу проведен мониторинг деятельности государственных предприятий. По итогам мониторинга установлено, что уставные виды деятельности ГККП «Сарканский политехнический колледж» ГУ «Управление образования области Жетісу» не соответствуют постановлению Правительства Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095, что нарушает требования законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции. В связи с этим Департаментом вынесены предписание об устранении допущенных нарушений. На данный момент предписание исполнено в полном объеме.

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу

ТӘРТІПСІЗ ЕЛ БОЛМАЙДЫ, ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ



Ескелді аудандық Мәдениет үйінде “Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды” тақырыбында жиналыс өтті.

Іс-шарада қоғамдағы тәртіп пен жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Ұлт болашағы — тәртіп пен бірлікте!

Жасөспірімдер арасындағы гэмблингтің (құмар ойындардың) алдын алу — бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Ерте жастағы құмар ойындарға тәуелділік психологиялық, әлеуметтік және қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Жасөспірімдер арасындағы гэмблинг (құмар ойындар): мәселе мен салдары

1. Гэмблинг дегеніміз не?

Гэмблинг—бұладамныңақша немесе мүлік тігіп, кездейсоқтыққа негізделген ойындарға қатысуы. Бұған спорттық бас тігу, онлайн-казино, лотереялар, карта ойындары, автоматтар және т.б. жатады.

Жасөспірімдер арасындағы гэмблингтің себептері

- Қызығушылық пен ойын-сауық іздеу: Жасөспірімдер жаңа нәрселерді байқап көруге бейім.
- Интернет пен мобильді қосымшалардың қолжетімділігі: Онлайн-гэмблингке қатысу бұрынғыдан әлдеқайда оңай.
- Құрдастарының қысымы немесе әсері
- Жеңіл ақша табуға деген үміт
- Отбасындағы немесе қоғамдағы үлгілер: Ата-аналардың, танымал тұлғалардың құмар ойындарға қатысуы әсер етеді.
- Қауіптері мен салдары
- Тәуелділік: Жасөспірімдердің психикасы әлі толық қалыптаспағандықтан, олар құмар ойындарға оңай тәуелді болады.
- Психологиялық мәселелер: Стресс, депрессия, мазасыздық.
- Қаржылық қиындықтар:

ырттар ірі-ірі мәселесі болады. Қоғам өркендеп, адам ой-санасы дамыған сайын, оған төнер дерт, кесел де ғаламаттай қуаттанып, бой бермес бас асаудай күшейе түседі.

Өкініштісі сол, осындай ем қонбайтын кеселді, дерттерді адамдар өздері ойлап табады. Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Нашақорлық дертін шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмай-тындай күйге түсіп өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді

Нашақорлық— бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет.

Есірткіге тәуелді адам бірте-бірте өзін-өзі сыйлауды жоғалтады: өзінің адамгершілік қасиеттерін жояды, психикасы қалыпты болмайды, достарынан, отбасынан айырылады, мамандық ала алмайды және қоршаған адамдарға, өзіне зиян келтіреді.

Олай болса Достар! Денсаулығымызға зиян келтіретін жаман әдеттерден аулақ болайық!

Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болатын ол қазіргі жас ұрпақ, сол мемлекетімізді биік шыңдарға жеткізу, халқына қызмет ету тек қана дені сау жастарымыздың қолынан келеді. Жастар ойланайық, болшақ ұрпағымыздың өміріне балта шаппайық.

Нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу, оның алдын алу — біздің өз қолымызда, Себебі, біздер жаңа дәуірде елімізді сақтайтын жігерлі, мықты, денсаулығы зор ұрпақ жалғастыратын қазақ елінің салауатты ұрпағымыз. Ата-бабаларымыз бізге аманат еткен тәуелсіз еліміздің көк туын төмен түсірмей, бірге көтерейік!



ҚЫЗДА ҚЫЛЫҚ БОЛМАСА – ҚҰР ШЫРАЙДАН НЕ ПАЙДА



Қазақ қоғамы үшін қыз баланың орны қашанда биікте болған. Халқымыз ежелден ақ қыз балаға ерекше көңіл бөліп, құрметтеп, аялап өсірген. Қыздың тәрбиесіне, мінез – құлқына, біліміне, өзіне тән қылығына аса мән берген. Қызды көркемдей түсетін қасиеттерін дамытқан.

Қыз қылығымен көрікті деп бекер айтпаған ата бабаларымыз. Қоғамда көрікті , гаухар тастай жарқыраған қаншама аруларымыз бар. Өздеріне тән ерекшеліктерімен қоса, жасанды сүйкімсіздер де болады. Бұны қылық деп те ойлайтындар қаншама. Алайда көп адам қылық пен тәлпішікті шатастырып жатады. Тәлпіш деп жасанды қылық көрсетіп, ерсі іс – қимылдар жасап өзін сүйкімсіз ұстайтын қыздарды айтады. Сіздің ойыңызша бұл қылық па? Қылық деген қыз баланың тек қана жасайтын іс – қимылы емес, тәрбиесі, өзіне сай мінез – құлқы, сөйлеу манерасы, өз – өзін ұстай білуі, еркелей алуы жалпы қыз баласының шынайы бет бейнесі. Ерте кезеңде де тіпті қазіргі заманда да қылықты қыздар сұраныста. Бет әлпетін бояумен жауып, шынайылықтарын тұмшалайтын қыздар әрқашанда сүйкімсіз кейіпте қалған. Құр шырайын сәндеп ішкі жан дүниесін дамытуға тырыспайтын қыздар да аз емес. Ал бұл біздің табиғатымызға тән дүние ме?

Қыз бала әлемнің көркі. Көрікті дүниенің бағалы болмауы мүмкін емес. Қылықты қыздың көркемдігі де, тәрбиелігі мен білімі де, еркелігі мен нәзіктігі де көрікті. «Көрікті қыз – көз сүйсіндіреді, Қылықты қыз – көңіл сүйсіндіреді», - демекші көзге де түсерлік, көңілге де жағарлық қылықты қыз болып жүрейік арулар.

Назира ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Жұматай Жақыпбаев атындағы орта мектебінің 11 – сынып оқушысы:

ШАШТАРАЗ - БҰЛ ТЕК КӘСІП ЕМЕС, ОЛ - ӨНЕР, ТАБЫС КӨЗІ, ДАМУДЫҢ ЖОЛЫ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Шаш қысқартудың, бұйралаудың, сәндеудің әртүрлі тәсілдерін меңгеруінің арқасында елге абыройлы қызмет көрсетіп келе жатқан кәсіпкер бүгінде өз бизнесін жолға қойған. Қазіргі таңда ауыл-дастарына ақылы қызмет көрсетіп, шаш қысқарту мен сәндеудің сан түрлі тәсілін меңгерген маманның алдағы жоспарлары да ауқымды.

– Шаштараз болу – менің сүйікті кәсібім. Сонау 11-сыныптан бастап жеңгелерімнің, құрбыларымның шашын қидым. Осы сала өзіме ұнайды. Бұйырса, осы шаштаразды үлкейтіп ашып, басқа қызметтермен ауылды пайдасына жарасам деген жоспарым бар. Ол үшін аянбай қызмет көрсетуге дайынмын – дейді шаштаразшы Айсұлу Мамырбекқызы.

Бүгінде шаштараз қызметіне сұраныс жоғары. Әсіресе сән салондарының дәуірі жүріп тұр. Нәзік жандылар үшін мұндай қызмет өсте таңсық емес. Шаш үлгісінің тартымдылығы, бет әрлеудегі шеберлік, тіпті тырнақ сәндеудің өзі бүгінде сұлулық әлеміндегі жандардың жан қалауына айналған. Сондықтан бұл кәсіпте шын шеберлер ғана көсіле шабады.

Шаштараз болуға не түрткі болды?

–Шаш қию, сәндеу өнері маған кішкентайымнан ұнайтын. Қуыршақтарымның шашын әртүрлі қылып қып, сәндейтінмін. Кейін колледжде осы мамандықты оқып, кәсіби түрде үйрендім.

Сіздің шаштараз салоныңызға қандай клиенттер жиі келеді?

- Әртүрлі жастағы адамдар келеді — балалар, үлкен кісілер, жастар. Соңғы жылдары ер адамдар да жиі келетін болды. Бәріне лайықты қызмет көрсетуге тырысамыз.

Шаштараз болудың қиындықтары бар ма?

Әрине, кез келген кәсіптің өз қиындығы бар. Кейде тұтынушының көңілінен шығу үшін көп тыңдау, түсіну қажет. Бірақ мен үшін бұл — сүйікті жұмыс, сондықтан қиындықтардан қорықпаймын.

Болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?

–Өз салонымды кеңейтіп, жас шаштараздарға тәжірибе үйреткім келеді. Сондай-ақ, жаңа трендтерге ілесіп отыру үшін түрлі курстарға қатысып тұрамын дейді Айсұлу.

Сізге шығармашылық табыс тілейміз!



Дара Дана

МАРАЛ АЛҚАПТАРЫН ҚОРҒАУ

Марал – Қазақстанның сирек кездесетін әрі ерекше қорғалатын жануарларының бірі. Оның табиғи мекен ету ортасын сақтау – экожүйенің тұрақтылығы мен биоалуандылықты қамтамасыз етудің маңызды бөлігі.

Марал — асыл тұқымды бұғылардың қатарына кіретін керемет жануар. Оның мүйіздерінің ерекше емдік қасиеттері бүкіл әлемде бағаланады және басқа тіршілік иелерінде кездеспейді.

Бұл жануардың салмағы 300-400 килограммға дейін жетеді. Денесінің ұзындығы — 2,5 метрден асады, ал биіктігі — 1,7 метр.

Марал – ұялшақ, бірақ өте сақ жануар;

Бұғылар жойылып кету қаупінде тұрғандықтан «Қызыл кітапқа» енгізілген;

Маралдың салмағы 300-400 келіге дейін жетеді;

Бұғының басты қазынасы, қаруы – мүйіздері. Оның салмағы 14 кг жетіп, ұзындығы 108 см дейін өседі.

Қыс мезгілінде жүнінің түсі сұр-қоңыр болып, көктемде қызғылт түске өзгереді.

Сондықтан біз бұл жерлерді қорғауды басты міндетіміз деп білеміз. Маралдар көбінесе орманды, тау бөктерін, өзен жағалауларын мекендейді. Бұл аумақтарда табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы – олардың тіршілігіне үлкен қауіп. Соның ішінде заңсыз аңшылық, орман өрттері, тұрмыстық қоқыстар мен техникалық шу – жануардың табиғи ортасынан ығысуына себеп болады.

Көксу орманшылығы тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар:

- Қорғалатын аумақтарда жүйелі бақылау мен рейдтер өткізу;
- Заңсыз аңшылыққа жол бермеу мақсатында орман күзетін күшейту;
- Марал мекендейтін аймақтарда орман өртіне қарсы шаралар қолдану;
- Жас өсімдіктерді қалпына келтіру арқылы орман жабындысын сақтау;
- Экологиялық ағартушылық жұмыстар – жергілікті халықпен түсіндіру кездесулері, мектептермен бірлескен шаралар.

Біздің мақсат – марал сияқты көркем жануардың саны көбейіп, ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне жағдай жасау. Бұл тек орманшылардың емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Табиғатты қорғау – болашақты қорғау.

Дүйсек БАҚЫТ,
Көксу орманшылығының орман күтушісі.



КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ

Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. Қазанқап құс атып күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті. Күндерде бір күн Қазанқаптың әйелі жүкті болыпты, ай-күні жақындап, күн өткен сайын әйелдің аяғы ауырлай беріпті. Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда, әйел толғатып, босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті, баласына Кендебай деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты. Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліпті де қалыпты. Кендебай қасқырдың терісін сойып, биенің қасына келсе, бие жанталасып, өлгелі жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты. Арыстай еркек құлын екен. Кендебай құлынды үйіне алып қайтыпты, оны құланның сүтімен асырапты. Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі керқұла болыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп, аң аулапты. Керқұла құса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтынын болыпты. Кендебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты жатсынуды сүйемпті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты. Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозысын бағып жүрген бір балаға кездеседі. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кендебай жетіп келіп:

- Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? - деп сұрапты.

Баланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

- Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын! - деп қоя беріпті бала.

- Не болды? Жөндел айтшы? - деп сұрапты Кендебай. Бала көзінің жасын көл қылып, ауыр бір күрсініп алып, былай деп жауап беріпті:

- Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл, елімізге жау түйіп, жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетіпті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде алты күн қатарынан ұйықтапты. Осы ұйқыда жатқанда әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп жөнеп берді. Мен жетім қалдым. Ішкерге асым, кшкерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Ары-дым, тоздым. Ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері кезімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды.

- Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып берейін, - дейді Кендебай. Бала қуанып кетеді.

- Ағай, онда біздің қойшылардың қасына екі-үш күн жатып тынығыңыз, содан кейін жүрерсіз, - деп өтінеді. Кендебай «мақұл» деп, қойшылардың қасына барып түседі. Атып алған құландарын асып, тамақ пісіреді. Кешке басқа қойшылар

келеді де, манағы бала к о з ы ш ы к е л м е й д і , әрі күтеді, бері күтеді. Кендебайдың көзі ұйқыға бара бергенде уһілеп-аһылап қозышы келеді.

- Неее кешіктің? - деп сұрайды Кендебай.

- Жәй, ішім ауырып қалды, - дейді бала. Бала таңертең о й н а п - к ү л і п қозысын өріске айдап кетеді.

Кешке басқа қойшылар келегенде, манағы қозышы тағы да келмейді. Кендебай іздеп барып, талып жатқан баланы тауып алады. Бала есін жинағаннан кейін Кендебай мән-жайды сұрайды. Бала жөнін айтпайды. Содан кейін Кендебай балаға ашуланады. Сонда қозышы бала айтады:

- Кешеден бері күн батқан кезде алты аққу төбемнен айналып ұшады да:

Кендебай сал мұнда ма? Керқұла аты қолда ма? Бауда нұры балқи ма? Балақ жүні шалқи ма? - деп сұрайды. Мен тұрып: Кендебай сал мен едім, Керқұла атым қолда еді. Бауда нұрым балқиды, Балақ жүнім шалқиды, - деп жауап беремін. Олар мені қанаттарымен қағып, жығып кетеді. Мен талып түсем, - деп жауап береді. Үшінші күні қозышы баланың киімін киіп, қозыны бағуға Кендебай өзі шығады. Күн батып, қас қарайған кезде баяғы алты аққу Кендебайдың төбесінен алты айналып ұшып, жақындап келеді де:

Кендебай сал мұнда ма? Керқұла аты қолда ма? Бауда нұры балқи ма? Балақ жүні шалқи ма? - деп сұрайды.

Керқұла атты Кендебай қозышы бала болып:

Бауда нұрым балқиды, Балақ жүнім шалқиды, - деп жауап береді.

Сонда аққулар ашуланып, Кендебайды қанаттарымен қағып, сабай бастайды. Кендебай біреуінің аяғынан шап беріп ұстай алады. Аққулар ұша жөнеледі. Кендебайдың қолында біреуінің алтын кебісі қалып қояды. Байқап қараса, кебістің бетінде жазу бар екен. Кендебай басқа аққуларды бірнеше күн күтеді. Бірақ олар келмейді. Содан кейін Кендебай қойшылармен қоштасып, үйіне қайтады. Ата-анасына бір жылдық азық дайындап беріп, сауыт-сайманын киініп, жау-жарағын асынып, азығына алпыс құлынның қазысын алып, баяғы жетім баланың әкешесін іздеуге шығады. Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Кез ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді. Сонымен, Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көрінеді. Таудың етегіне келгенде Керқұла атқа тіл бітіп сөйлейді:

«Достым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес. Біреуі емес, екеуі де осыдан табылады. Мына таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Ол аралда адам перісінің ханы тұрады. Сенің қолтығыңдағы алтын кебіс осы хан қызының кебісі. Баяғы қойшы баланың әкешесі де осы ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зындандың аузы құлыпты. Оның кілті қолға түспейді. Ол кілт алпыс өзен құйылған терең дарияның түбінде жатыр. Адам баласы оның түбіне жете алмайды. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сен сол адамға бар да жолына



- Қазір үшеуің іздеп шығып, құсты да, құлынды да тауып келіңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмендер! - дейді хан. Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың қылын тұтатқан кезде Керқұла ат жетіп келеді. Құла атты мініп алып, қару-жарақты іліп алып, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнөп береді. Бір жерлерге келгенде ат тағы тоқтайды да, Кендебайға: «Анау жалыны аспанға шығып

жатқан от дариясы. Сенің баратын жерің сол дарияның ар жағында. Қазір көзіңді жұм. Мен аш дегенше ашпа. Көзіңді ашсаң, екеуіміз де өлеміз», - дейді. Кендебай көзін жұмады. Сонымен ұша береді, ұша береді. Бір кезде ең әуелі ыстық лепті, одан кейін ысылдаған желді сезді. Талай уақыт өткеннен кейін: «Аш көзіңді!» - дейді Керқұла ат. Кендебай көзін ашып жіберсе, үлкен дарияның ортасындағы аралға келіп түскен екен. Аралда алтын құйрықты сегіз құлын, құйрығы жоқ бір құлын алтын науадан су ішіп тұр екен. Керқұла атқа тағы да тіл бітіп: «Аспанмен тірескен анау бәйтеректің басында самұрық құстың ұясы бар. Ол алты айда бір рет азық іздеп кетеді де, он бес күнде кері айналады. Қазір ол азық іздеуге кетіпті, оның қайтып келуіне әлі алты күн бар. Біз оның қолына түспес үшін алты сағатта алты айлық жол алуыңыз керек. Менің үстіме мін де, алтын науаны алдыңа өңгер. Құлындар, алтын науадан қалмай, біздің соңымызға ереді де отырады. Біз құлындардың соңымыздан ертіп отырып манағы от дариясынан тікелей өте алмаймыз, айналып жүруіміз керек. Біздің келердегі қысқа жолымыздың кетерде алыс болып отырғаны да сол. Бұл жолымызда үш бөгет бар. Ең әуелі жеті басты дәу кездеседі, ақырған арыстанға жолығамыз, содан кейін жәдігәй кемпір байланысады.

Ал, уақыт оздырмай жүрейік», - дейді. Кендебай алтын науаны Керқұла атқа өңгеріп алып, жөнеліп береді. Барлық құлын оның соңынан ереді. Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жеті басты дәу еді. Кендебай алтын науаны жерге қояды. Құлындар науаға иіріліп тұра қалады. Кендебай қолына жүз батпан шокпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып өтіп бара жатып, салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып, тағы соғып өткенде, екінші басы ұшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті рет соққанда жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынға салып алады. Кендебай қайтып келіп, алтын науаны өңгеріп, құлындарын ертіп, жүріп кетеді. Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде, алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді. Бір кезде алыстан арыстанның ақырған дауысы естіледі. Кендебай бұл жолы Керқұла атты құлындардың қасына қаңтарып тастап, дауыс шыққан жаққа жаяу жүре береді. Ілгері екі-үш аттағанда, бір леп Кендебайды тартып ала жөнеледі. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді.

Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды ар жағына бір-ақ түсіреді. Кендебай арыстанның аузын қағып алып, тағы жүріп кетеді. талай белестер, талай таулар бұлдырап артта қалып барады. Бір кезде жер дүниені қап-қара тұман басып кеп кетеді. Тек алтын құйрықтардың сәулесі ғана бұлардың жолын жарық қылып көрсетіп тұрады. Сол екі арада

қараңғылық серпіліп жүре бергенде, сылаңдаған бір сұлу қыз шыға келеді. Кендебай атынан түсіп қызға қарсы жүреді. Қыз мұның бетіне ұзақ қарайды да:

- Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп, тынығып кетіңіз, - дейді. Жәдігәй кемпірдің қыз болып қарсы алатынын, оның ордасына кірген кісі кері шықпайтынын Керқұла ат айтқан болатын.

- Шаршағаным рас. Демалуға қарсы емеспін, бастаңыз, - дейді Кендебай. Қыз алға түсіп аяңдай бергенде, Кендебай алмасын сермеп кеп қалады алмас қылыштан от жарқ етп түседі де, дүниені тағы да тұман басып кеп кетеді. Тұман ашылғанда қыздың орнында екі бөлінген кемпір жатады. Кендебай кемпірдің басын кесіп қоржынға салып алады. «Бұл кемпірдің қарамағындағы жерден ұшқан құс, жүзірген аң өте алмайтын. Кемпірдің өлгенін қазір ешкім білмейді. Сондықтан бұл жерге самұрық келмейді. Осыжерде бір үш-төрт күн демалайық», - дейді Керқұла ат. Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің асыл казынасын жинап алып, Керқұла аттың алдына алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне жетеді. Хан қуанып үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай, сандалып мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып, азып-тозып, ханның екі баласы келеді. Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды.

- Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым – Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса айтайын, - дейді Кендебай.

- Айт, айт, балам! - дейді хан.

- Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Міне, сол батырды босатып әкетпек болып келдім. Бұл – бірінші. Екінші жоғым мынау: бір күні малда жүргенімде аспанда ұшқан алты аққудың алтын кебісі менің қолымда қалды. Сол алтын кебіс сіздің елдікі дейді. Соны табыс еткелі келдім, - деп, Кендебай алтын кебісті ханға ұсынады. Хан: - Дұрыс, балам! Сіздің елдің малын айдапты, батырын байлапты алдырғаным рас. Мергенбай батыр әйелімен екеуі біздің қолда. Зынданда жатқан Мергенбай батырға: «Маған қызмет етсең босатам», - деп елші жіберіп едім, қарысқан батыр екен. «Жауыма қызмет істемеймін. Бірақ, қол-аяғымды босатсаң, содан кейін сөйлесем», - деп, қарысып жатып алды. Босатуға қорықтық. Ондағы мақсат: сені қолға түсіру еді. Сенің атағың бізге де мәлім еді. Сені алдыртып, құлынымды қоймайтын қара құсқа жұмсамақ едім. Өзім іздеп таба алмаған соң, намысы болса, іздеп келер деп елінді шаптырып, батырыңды байлатып алдыртқан едім. Одан кейін де екі жылдай келмеді, содан соң алты қызым сені іздеп барған болатын. Бұл менің кіші қызымның кебісі. Енді сенің алдыңа қоятын тағы бір шартым бар.

Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар, жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып, беремін, малыңды өзіңе қайтарамын. Кіші қызымды беріп қуые етемін, - деді. Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның аузын, кемпірдің басын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына төгіп тастайды. Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді. Шауып алған малын қайтарып береді. Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады. Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді. Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен ота істейді. Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп, бұл ел Керқұла атты Кендебай батырдың елі болып атаныпты.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ ҮШІН САЙЛАУ ОКРУГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Ескелді ауданының Қоңыр ауылдық округі әкімінің сайлауын өткізу үшін Қоңыр ауылдық округінің шекарасында сайлау округі құрылсын;

2.Қоңыр сайлау округінің шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет - парақшасында және «Жетісу шұғыласы» аудандық газетінде жариялансын.

Төраға Хатшы	Р. Жексенбеков Д. Турдиева
-----------------	-------------------------------

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Ескелді ауданының Қоңыр ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылғы 27 шілдеге тағайындалсын.

2.2025 жылғы 27 шілдеге тағайындалған Ескелді ауданының Қоңыр ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс - шаралардың күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет – парақшасында және «Жетісу шұғыласы» аудандық газетінде жариялансын.

Төраға Хатшы	Р. Жексенбеков Д. Турдиева
-----------------	-------------------------------

ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 52, Қарабұлақ ауылдық округі әкімдігінің ғимараты, 8 (72836) 3-14-25.

Комиссия төрағасы – Жексенбеков Рүстемхан Ануарханұлы;

Комиссия төрағасының орынбасары – Кыдырманова Гиляна Равильевна;

Комиссия хатшысы – Турдиева Диляра Баратовна;

Комиссия мүшелері: Исабаев Жанахмет Мырзахметұлы, Бейсбаева Жазира Конуспайқызы, Оспанова Шынар Күмісбекқызы, Айтбузинова Әдия Хафизқызы.

ЗНАЧЕНИЕ ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ ПРИВИВОК



Профилактические прививки, или вакцинация, играют ключевую роль в защите здоровья, предотвращая инфекционные заболевания и формируя коллективный иммунитет. Вакцинация – это введение в организм биологических препаратов (вакцин), которые стимулируют выработку иммунитета к конкретным заболеваниям, делая организм невосприимчивым к инфекции.

Предотвращение заболеваний:

Прививки защищают от опасных инфекционных заболеваний, которые могут привести к серьезным осложнениям, инвалидности или смерти.

Формирование коллективного иммунитета:

Когда большинство людей в популяции вакцинированы, это затрудняет распространение инфекции, защищая даже тех, кто не может быть привит по медицинским показаниям (например, младенцы, люди с ослабленным иммунитетом).

Вакцинация помогла значительно снизить заболеваемость и даже полностью искоренить некоторые инфекционные заболевания, такие как оспа.

Благодаря профилактике инфекционных заболеваний уменьшается количество госпитализаций и потребность в дорогостоящем лечении.

Вакцинация, как метод профилактики, обходится дешевле, чем лечение уже возникшего заболевания и его осложнений.

Безопасность и эффективность:

Современные вакцины проходят строгий контроль качества и являются безопасным и эффективным способом защиты.

Обязательные и добровольные прививки:

В Казахстане, как и во многих других странах, существует календарь профилактических прививок, определяющий обязательные прививки для детей и взрослых. Эти прививки проводятся бесплатно в рамках гарантированного объема медицинской помощи. Помимо обязательных прививок, существуют также добровольные, которые можно получить по желанию и за счет собственных средств.

Важность соблюдения графика прививок:

Для достижения максимальной защиты от инфекций важно соблюдать сроки и порядок проведения прививок, рекомендованные в национальном календаре прививок и врачом.

Вакцинация – это важный инструмент общественного здоровья, который способствует формированию здоровой и безопасной среды для всех.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель Ескельдинского райУСЭК

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ОРГАННЫҢ НҰСҚАМАСЫ ОРЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметіне мониторинг жүргізді.

Мониторинг қорытындысы бойынша «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Сарқан политехникалық колледжі» МКҚК кәсіпорынның жарғылық қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы №1095 Қаулысына сәйкес келмейді, бұл Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзады.

Анықталған бұзушылыққа байланысты Департамент жіберілген сәйкессіздіктерді жою туралы нұсқама шығарды. Қазіргі уақытта нұсқама толық көлемде орындалды.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті

ОБ ОБРАЗОВАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА ПО ВЫБОРАМ АКИМА КОНЬРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21,статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Ескельдинская районная территориальная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1.Образовать избирательный округ по выборам акима Коньрского сельского округа Ескельдинского района в границах Коньрского сельского округа.

2.Опубликовать границы Коньрского сельского округа с указанием его границ и местонахождение территориальной избирательной комиссии на интернет-ресурсе Ескельдинской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Жетісу шұғыласы».

Председатель Секретарь	Р. Жексенбеков Д. Турдиева
---------------------------	-------------------------------

О НАЗНАЧЕНИИ ВЫБОРОВ АКИМА КОНЬРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Ескельдинская районная территориальная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Назначить на 27 июля 2025 года выборы акима Коньрского сельского округа Ескельдинского района.

2. Утвердить календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Коньрского сельского округа Ескельдинского района, назначенных на 27 июля 2025 года, согласно приложению к настоящему постановлению.

3.Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице Ескельдинской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Жетісу шұғыласы».

Председатель Секретарь	Р. Жексенбеков Д. Турдиева
---------------------------	-------------------------------

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚОҢЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУ БОЙЫНША ДАУЫС БЕРУДІ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ДАУЫС САНАУ ҮШІН ҚҰРЫЛҒАН САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№ 130 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қоңыр ауылы, Абай көшесі, 22, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Қоңыр орта мектебі» КММ ғимараты.

Шекарасы: Қоңыр ауылы.

№ 131 сайлау учаскесі.

Орталығы: Көктөбе ауылы, Мектеп көшесі, 19, «Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Көктөбе орталау мектебі» КММ ғимараты.

Шекарасы: Көктөбе, Алмалы ауылдары.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



С ы б а й л а с жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып т а б ы л а т ы н ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық е л д е р д і ң қайсын болмасын да қатты алаңдата т а т ы н ы айқын.

С ы б а й л а с жемқорлықтың мемлекеттің

бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стретегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Әдеп жөніндегі уәкіл-Берік Оңалбайұлы ДЮСЕБАЕВ, Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ИЕГЕРЛЕРІН КҮТУДЕ

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) зейнеткерлік жасқа жақындаған не толған алушыларға да, Қорда зейнетақы жинағы бар, бірақ зейнет жасына жетпей марқұм болған салымшылардың алушылардың мұрагерлеріне де зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін уақытылы жүгіну қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырады.

Жыл сайын БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірігіп БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар бойынша зейнетақы төлемін алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген зейнет жасына толған тұлғалар бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде аталған адамдарға бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығына салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша БЖЗҚ алушыларға зейнетақы төлемдерін проактивті форматта мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырады. Яғни, зейнетақы төлемін мемлекеттік бюджеттен алатын зейнеткерлердің зейнетақы жинақтары бар болса, БЖЗҚ-дан төлемдер ала бастайды.

Статистика
01.06.2025 жылғы жағдай бойынша жалпыға бірдей белгіленген зейнет

жасына жеткен тұлғалардың талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы – шамамен 37,3 млрд теңге, бұл сома 264 695 жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) сақталған.

Оның ішінде БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтеріне сәйкес:

- 148 335 адам қайтыс болған, олардың зейнетақы жинақтарын мұрагерлер талап ете алады;
- 59 800 адам Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетті;
- 56 560 адам жасына байланысты зейнетақыларын ресімдеу үшін Мемлекеттік корпорацияға (тұрғылықты жері бойынша ХҚКО) әлі өтініш бермеген.

Зейнетақы төлемдерін қалай алуға болады?

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтарының есебін БЖЗҚ жүргізеді, инвестициялануын жалғастырады және салымшылардың ЖЗШ-да алушылар не олардың мұрагерлері (салымшы қайтыс болған жағдайда) талап еткенге дейін сақталады.

Зейнеткер жинағынан төлем ресімдеуге өтініш берген жоқ

Зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінуі қажет.

Шетелге тұрақты тұруға кеткен кезде

Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын елден тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және отандық заңнамға сәйкес қажет құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар пайдалана алады.

Зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуына байланысты

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшері шегінде қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-да бар қаражатынан аспайтын мөлшерде жерлеуге біржолғы төлем жүргізіледі.

Сондай-ақ зейнетақы жинақтары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болғаннан кейін 6 ай ішінде оның мұрагерлері қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары түріндегі мұрагерлік мүлікті ресімдеу және мұрагерлік құқығы туралы куәлік алу үшін нотариусқа жүгінуге тиіс. Егер өтініш беру мерзімі өтіп кетсе, мұрагерлік құқығын қаппына келтіру үшін сот органдарына жүгіну қажет.

Зейнетақы төлемдерінің түріне және өтініш беру тәсіліне байланысты зейнетақы төлемдерін алуға қажетті құжаттардың тізімі enpf.kz сайтындағы «Қызметтер – зейнетақы төлемдері» бөлімінде жарияланған.

СІБІР ЖАРАСЫ АУРУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ !!!

Сібір жарасы (Anthrax, топалаң сибируская язва) - жімі өтетін, күйдіргі тектес қабыну ретінде байқалатын, зооноз тобындағы жедел жұқпалы ауру. Ол дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ауыр түрде улануымен сипатталады. Сібір жарасы терілік, өте сирек ішектік, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін. Бұл ауру малдың әр түлігінде өзінше аталып келді, жылқыда -жамандат, талақ, сиырда - қарабез, түйеде - шелек немесе ақ шелек, қой мен ешкіде топалаң деп аталады.

Сібір жарасын адамға жұқтырушы көз – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын қолданғанда және ластанған топырақты егістікте қолдануда жұғуы мүмкін. Ауырған малды лажсыздан союдың да қауіпі мол. Қоздырушының таралуына еткоректі жануарлар мен жыртқыш құстар да белгілі дәрежеде қатысады. Сібір жарасы жануарларда клиникалық белгілері әдетте жіті, сирегірек жітіден төмен өтеді. Аса жіті негізінен қой мен ешкіде, сирегірек жылқы мен сиырда байқалады. Ауырған мал кенеттен, аурудың клиникалық белгісі байқалып үлгірмей-ақ, өліп кетеді. Мұндай жағдайда қой еңтігіп, дірілдеп-қалшылдап, кейде орнында секіріп барып құлайды да, бірер минуттың ішінде өледі. Мұрны мен аузынан қанды көбік ағып жатады. Жылқы мен сиыр еңтігіп, одан кейін тез басылады. Еңтігіп, демін баса алмай дем алады, тамыры жиі соғып, кілегейлі қабықтары көкшілденіп, дене қызуы 41-42°С жетеді. Бірнеше минуттан кейін, кейде бірер сағат өткеннен соң ауырған мал тыпыршып, денесі құрыстанып барып жаны шығады. Аурудың жіті өрбуі кезінде сиыр мен жылқыда дененің қызуы көтеріліп (41°г дейін), тыныс алуы мен тамырдың соғуы жиілеп, бұлшық еттері дірілдейді. Мал жем-шөптен қалып, ірі қара мал күйіс қайтаруын тоқтатып, сауын сиырлардың сүті қайтады. Жылқының ішегі түйіледі, таз қарны кебеді. Кейде іш қатып, не керісінше, қан аралас іш өтіп, не-септе қан байқалады. Жануар тез әлсіреп, тынысы тарылып, кілегейлі

қабықтары көгеріп, қанталай бастайды. Аузы мен тілінін кілегейлі қабығында қанды жалпақ байқалады. Ауру белгілері білінгеннен соң 2-3 күн ішінде мал өледі. Өлер кезінде мұрны мен аузынан қанды көбік шығады. Жітіден төмен өрбігенде (6-8 күнге дейін) жоғарыдағы сипатталған белгілері баяулап өрбиді де артынша оның жағдайы қайтадан нашарлап, ақыры өліммен бітеді. Сібір жарасы ауруының қоздырғыштары топырақта 100 жылдан астам уақыт бойы сақталады. Өсіп-өнуге жақсы жағдай туған кезде, қоздырғыштары спора түзіп, әрі қарай көбейіп, эпизоотиялық тұрақтылыққа өзінің кері әсерін беруі ықтимал. Сол үшін сібір жарасы ауруымен өлген малдың орнын ерекше белгілейді.

Сібір жарасынан өлген малдың етін және ет өнімдерін тұтынуға болмайды. Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері, сондай-ақ жануарлардан алынған шикізат пен өнім арнайы қондырғыларда өртеледі. Күл қалдығы Беккари шұңқырына салынады. Сібір жарасынан өлген жануардың лажсыз сойылған, өлексесі жарып ашылған жерді мұқият өртейді, содан кейін 20%-дық хлоры бар әк ертіндісін құяды, топырақты 25 сантиметр тереңдікте қазып, кемінде 25% белсенді хлордан тұратын құрғақ хлоры бар әкті топырақтың үш бөлігіне бір бөлік есебінде араластырады. Топырақты әкпен араластырғаннан кейін сумен ылғалдандырады. Өлексемен жұмыс істеу кезінде қолданылған киім, халат, бас киім, етік, қолғаптарына және көлік пен тіркемеге міндетті түрде залалсыздандыру (дезинфекция) жұмыстары жүргізіледі.

Мал өлексесі көмілген орынды белгілеп арнайы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығының 11-параграфы 30-1 тармағына сәйкес Сібір жарасынан өлген жануарлардың өлекселері көмілген мал қорымдарына адамдар мен жануарлар кіре алмайтын-дай етіп бүкіл периметрі бойынша биіктігі кем дегенде 1,5 метр болатын қоршаумен (металл немесе бетон) қоршайды, «Сібір жарасы» деген жазуы бар тақтайшалармен (аурудың пайда болған күні) белгіленеді. Объектілердің аумақтары Санитариялық

қағидаларға сәйкес санитариялық қорғаныш аймағындағы елді мекендерден алыстатылады.

Аудан аумағында 1937-1981 жылдар аралығында пайда болған 14 сібір жарасы ошағының көмінділері тіркелген. Олар Қарабұлақ, Бақтыбай, Жалғызғаш, Төлеңгіт, Сырымбет, Қаратал, Көкжазық, Қоңыр және Ақын Сара ауылдық округтерінде орналасқан.

Сібір жарасы ауруының алдын-алу шаралары жөнінде бірқатар кеңестерді ұсынамыз:

-Ауыл шаруашылық жануарларын күтіп-ұстау кезінде, сақтық шараларын қатаң түрде сақтау;

-Сібір жарасы ошағының көмінділері орналасқан орынға ауыл шаруашылық жануарларын жаймау;

-Көктем және күз мезгілдерінде ауыл шаруашылық жануарларына егу жұмыстарын міндетті түрде жүргізіп отыру;

-Ауыл шаруашылық жануарларына егу жұмыстары жүргізілгеннен кейін 14 күнге дейін соймау;

-Ауыл шаруашылық жануарларына егу жұмыстары жүргізілгеннен кейін шығын болған жағдайда, дереу тиісті аумақтық-бірліктің ветеринариялық пункт меңгершісіне немесе мамандарына хабарлау; Жыл сайын сібір жарасы ауруына қарсы екпе егу жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі уақытта ауданымыздың эпизоотиялық жағдайы тұрақты. Сібір жарасы ауруына күдікті жағдайлар қалыптаспады. Бұл жағдайлардың барлығы Ескелді ауданының ветеринария саласындағы қызметкерлерінің ерең еңбегінің арқасында деп білеміз.

Құрметті аудан тұрғындары!!!

Жоғары да айтылған сібір жарасы ауруының қауіптілігі және оның алдын-алу бойынша берген кеңестерімізді әрдайым ойларыңызда болсын. Сібір жарасы – жануарлар және адамдар өмірі үшін өте қауіпті ауру екенін естен шығармайық.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша туындаған сұрақтарға, мына телефондар арқылы ақпарат алуға болады. 8(72836)3-01-38; 8(72836)3-12-74;

Д.ӘДІЛБЕКҰЛЫ, ҚР АШМ ВБЖҚ Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы:

ПАМЯТКА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ И ДЕТЕЙ ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ ДЕТСКОГО ТРАВМАТИЗМА

Сохранить здоровье ребенка – задача каждого родителя. Обязанность родителей обучать детей основам профилактики травматизма. Важно при этом внушить им, что опасность можно избежать, если вести себя правильно. Наиболее распространенным является бытовой травматизм. Переломы, черепно-мозговые травмы возникают как следствие падений с высоты (окно, диван, коляска, подбрасывание вверх во время игры), нередко ожоги жидкостями (горячий чай, суп), ожоги от горячей плиты, посуды, утюга, других электроприборов, открытого огня, отравления неизвестными веществами.

Как можно предотвратить падения?

-устанавливать ограждения на подоконниках, балконах, не стоять и не играть в непосредственной близости от открытых окон (москитная сетка не является защитой от падений!), создавать условия, когда ребенок невозможно забраться на подоконник или предметы мебели, обеспечивать замки элементами защиты от открывания детьми;

-нельзя подбрасывать ребенка высоко вверх, он может удариться головой о потолок или люстру или, упасть мимо встречающих рук и удариться о пол или о землю;

-опасно оставлять малыша на диване или на кровати, ставить рядом;

-нельзя кормить грудного ребенка, лежа в кровати; нельзя укладывать его на подушку и укрывать одеялом взрослого, ребенок может завернуться в тяжелое для него одеяло и задохнуться, а также нельзя оставлять малыша, когда купаешь;

-Зонай повышенной опасности являются детские площадки и общественный транспорт.

-находитесь рядом с ребенком во время пребывания на территории площадки и в транспорте;

-ожидаая транспорт, стойте на хорошо освещенном месте рядом с людьми, ребенка всегда держите за руку;

на остановках не поворачивайтесь спиной к дороге, не пытайтесь стать в первом ряду нетерпеливой толпы с ребенком – вас могут вытолкнуть под колеса; при заходе в транспорт детей в возрасте до трех лет необходимо брать на руки и подобным образом из него выходить.

Очень важен личный пример поведения родителей на улице, в транспорте.

В возрасте после года возрастает активность ребенка, он начинает проявлять любознательность и активность. В связи с этим увеличивается опасность ожогов, травм от электрических приборов, химических ожогов пищевода, удушья от мелких предметов.

В этом возрасте часто возникает подвывих головки лучевой кости, когда взрослые резко тянут за руку ребенка при падении. Будьте бережны, не травмируйте малыша!

Гасниченко Любовь НИКОЛАЕВНА,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ районный педиатр

ПРОФИЛАКТИКА ДЕТСКОГО ТРАВМАТИЗМА



Как уберечь ребенка от ожогов?
-Нужно ставить подальше от края стола емкости с горячей пищей!
*Старайтесь не допускать приближения детей к горячим плитам, утюгам, духовым шкафам, открытому огню, ограждайте детей от легковоспламеняющихся жидкостей, такие, как бензин, керосин, а также спички, свечи, зажигалки, бенгальские огни, петарды;

-нельзя пользоваться без надзора взрослых пиротехническими средствами: хлопушками, петардами, фейерверками, можно получить тяжелые ожоги, потерять зрение, искалечиться и даже погибнуть.

Более того, нельзя хранить их дома, ведь они отнесены к взрывоопасным средствам.

-ядовитые вещества, медикаменты, отбеливатели, кислоты нельзя хранить в бутылках для пищевых продуктов – дети могут по ошибке выпить их. Такие вещества следует держать в плотно закрытых маркированных контейнерах, в недоступном для детей месте;

-будьте также внимательны при сборе грибов, ягод и растений, не собирайте и не употребляйте грибы, растения и ягоды, которые вам неизвестны;

Как избежать удушья от мелких предметов?

-не следует давать еду с мелкими элементами костей, семечками. За детьми всегда нужно присматривать во время еды. Старайтесь кормить ребенка измельченной пищей;

-пресекайте баловство за столом, смех и игры;

-покупайте игрушки, от которых невозможно отсоединить мелкие части, а занятия с мелкими деталями (мозаика, конструктор) проводить только совместно с ребенком;

-Обращайте внимание, если у ребенка затруднено дыхание, нельзя исключить возможность попадания мелких предметов в дыхательные пути ребенка, даже если никто не видел, как ребенок положил что-либо в рот.

-В школьном возрасте появляются специфические виды травм: спортивные, уличные, автоаварии. Для их предотвращения необходимо наличие соответствующей виду спорта экипировки, наличие защитных приспособлений!

-Важно помнить правила поведения на воде:

дети могут утонуть менее чем за две минуты даже в небольшом количестве воды, поэтому никогда не следует оставлять их одних в воде или близ воды.

Калиякберова Гульмира СЕРИКБАЕВНА,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

«АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘНЕ ТҰРУҒА КЕЛГЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ БЕРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, МӘДЕНИЕТ, СПОРТ ЖӘНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА, АУЫЛДАР, КЕНТТЕР, АУЫЛДЫҚ ОҚРУТТЕР ӘКІМДЕРІ АППАРАТТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ

Ескелді ауданының «экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі,
«Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шаралары» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Басты шарт - мамандар көтерме жәрдемақы және кредит алған кезде ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымда тиісті мамандық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеме алады. Мамандардың көтерме жәрдемақы және кредит алуға өтініш беруі және жергілікті атқарушы органның мақұлдауы Банк порталында жүзеге асырылады. Кредит алуға өтініш беру үшін маман <https://otbasybank.kz/> порталына тіркеліп, Жеке кабинетке кіруі тиіс, жеке тұлғаның ЭЦҚ болуы тиіс, мобильді азаматтар базасында тіркелген болуы тиіс.

Қосымша ақпаратты Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі №67 мекен-жайы арқылы немесе 8/72836/30916 телефонына хабарласып білуге болады.

С. ЖАЙНАҚОВА,
Аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

«СЫРЫМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕЛЕСІДЕЙ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕДІ:

- 1.«Сауда-саттықты (Конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»
 - 2.«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»
 - 3.«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру»
 - 4.«Кент,ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»
 - 5.«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату.
- Электронды қызметтерді пайдалану үшін, біріншіден электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет, цифрлық қолтаңбаны Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан «Еgov.kz» электронды веб-порталы арқылы алып, әр қарай флэш-карта, жеке куәлікке немесе сондық бұлтқа (флэшка) сақтауға болады.
- Сондай-ақ әкімдік ғимаратында өзіне –өзі қызмет көрсету бұрыштары бар, онда кез келген уақытта қажетті қызметтерді ала аласыз.Электрондық порталмен жұмыс істеу барысында қиындықтар туындаса, мемлекеттік органдардың қызметкерлерінен кеңес алуға болады немесе 1414 операторына хабарласу қажет.

А.М. АБДИКАРИМОВ
Сырымбет ауылдық округі әкімі аппараты ММ-нің бас маманы

ПАМЯТКА ПО ПРОФИЛАКТИКЕ НАРКОМАНИИ

Наркомания – огромная социальная проблема.Вред наркотиков: разрушение здоровья, заболевания, передающихся от наркомана к наркоманы через иглы; подростковая наркомания; сокращение жизни и причина смертности от передозировки; зависимость наркотикам ; негативное действие наркотиков на личность наркомана, его поведение и социальный статус; распад семьи; полный распад личности, интересов и потеря целей в жизни.

Для того, чтобы достать деньги на очередную дозу наркоман готов на все – кражи, грабежи и прочие преступления. При- знаки употребления наркотиков: Основные признаки: 1. следы от уколов, порезы, синяки (особенно на руках); 2. наличие свернутых в трубочку бумажек, маленьких ложечек, шприцев и/ или игл от них; 3. наличие капсул, таблеток, порошков, пузырьков из под лекарственных или химических препаратов; 4. тряпочки, пахнущие толуолом; жестяные банки и пустые тюбики из-под клея, бензина, нитрокраки, пустые баллончики из-под лака для волос; бумажные или пластиковые пакеты, пропитанные химическими запахами. Дополнительные признаки: пропажа из дома ценных вещей одежды и др.;необычные просьбы дать денег; лживость, изворотливость; телефонные разговоры (особенно «зашифрованные»); с незнакомыми ли- цами; проведение времени в компаниях асоциального типа; изменение круга друзей или появление «товарищей», которые употребляют наркотики; снижение успеваемости; увеличение количество прогулов, плохое поведение, снижение интереса к обычным развлечениям, привычному времяпрепровождению, спорту, любимым занятиям; увеличивающееся безразлич- ие к происходящему рядом; изменение аппетита; нарушение сна (сонливость или бессонница); утомляемость, погу- ружённость в себя; плохое настроение или частые беспричинные смены настроения, регулярные депрессии, нервозность, агрессивность; невнимательность, ухудшение памяти; внешняя неопрятность; покрасневшие или мутные глаза.

СОВЕТЫ по снижению риска употребления наркотиков Вашими близкими: 1. Не паникуйте. Даже если вы уловили по- дозрительный запах или обнаружили на руке сына или дочери, иного члена семьи, знакомого след укола, это ещё не означает, что теперь человек неминуемо станет наркоманом. Постарайтесь с первых минут стать не врагом, от которого нужно скрываться и таиться, а союзником, который поможет справиться с бедой. 2. Сохраните доверие. Ваш собственный страх может заставить вас прибегнуть к угрозам, крику, запугиванию. Это оттолкнёт человека, заставит его замкнуться. 3. Оказывайте поддержку. «Мне не нравится, что ты сейчас делаешь, но я всё же люблю тебя» - вот основная мысль, кото- рую вы должны донести до близкого Вам человека. Он должен чувствовать, что бы с ним не произошло, он сможет с вами откровенно поговорить об этом. Особенно важно, чтобы родители беседовали с детьми о наркотиках, последствиях их употребления. При малейшем подозрении, что ребенок употребляет наркотики, необходимо сразу же поговорить с ним. По- оощряйте интересы и увлечения подростка, которые должны стать альтернативой наркотику, интересуйтесь его друзьями, приглашайте их к себе домой. И наконец, помните, что сильнее всего на подростка будет действовать ваш личный пример. Подумайте о своём собственном отношении к некоторым веществам типа табака, алкоголя, лекарств. 4. Обратитесь к специалисту. Если вы убедились, что человек не может справиться с зависимостью от наркотика самостоятельно, и вы не в силах ему помочь, обратитесь к специалисту. Будьте готовы к тому, что спасение вашего близкого может потребовать от вас серьёзных и длительных усилий.

Сулейменова Кенже Оспановна,
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ врач нарколог
Калиякберова Гульмира Серикбаевна,
специалист кабинета ЗОЖ

НАВАРАНДЫРУ

ТОО «KBS Gaz» на основании приказа Министра энергетики Респу- блики Казахстан №217-н/қ «Об утверждении предельных цен оптовой реализации товарного газа на внутреннем рынке РК, предназначенно- го для последующей реализации крупным коммерческим потреби- телям, лицам, осуществляющим цифровой майнинг, или лицам по про- изводству электрической энергии для осуществления цифрового майнинга» на период с 1.07.2025г по 30.06.2026г., и приказа №216- н/қ « О внесении изменений в приказ Министра энергетики РК от 6 июня 2023 года №210 «Об утверждении предельных цен оптовой реализа- ции товарного газа на внутреннем рынке РК» на период с 01.07.2025г по 30.06.2028г.сообщает об изменении цены на товарный газ с 01 июля 2025 года.

Отпускная цена составит:

- для бытовых потребителей - 49 176,46 тенге за 1000 куб.м. с НДС
- для коммунально-бытовых потребителей и юридических лиц - 53 635,18 тенге за 1000 куб.м. с НДС

«KBS GAZ» ЖШС «Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің ең жоғары бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің № 217-н/қ бұйрығының негізінде 01.07.2025 жылдан бастап 30.06.2026 жылға дейінгі кезеңде ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық тау-кен өндірісімен айналысатын тұлғаларға немесе цифрлық өндіру үшін электр энергиясын өндіруге арналған тұлғаларға және «Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 210 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» № -216- н/с бұйрығын кейін сатуға арналған «Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің ең жоғары бағасын бекіту туралы» 2025 жылғы 01 шілдеден 30.маусым.2028 жылға дейінгі кезеңде тауарлық газ бағасының өзгеруі туралы 2025 жылғы 01 шілдеден бастап хабарлайды.

Сату бағасы:

- тұрмыстық тұтынушылар үшін – 1000 текше метрге 49 176,46 теңге. ҚҚС қосылған,
- коммуналдық және тұрмыстық тұтынушылар мен заңды тұлғаларға - 1000 текше метрге 53 635,18 теңге. ҚҚС қосылған

ҰЛТТЫҚ САНАҚ ӨТЕДІ

Санақ Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жүргізіледі. Іс-шара онлайн сауалнама және үй шаруашылықтарын аралау бойын- ша екі кезеңде іске асады. Онлайн-кезең 1-31 тамыз аралығында санақ. gov.kz сайтында өтеді. Онда респонденттер санақ парақтарын өз бетінше толтыра алады.20 қыркүйектен 20 қазан айына дейін ин- тервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына барады. Бұған дейін 1-30 маусым айы аралығында респонденттер тізімін нақтылау үшін өңіріміздің 5 қаласында үй шаруашылықтарын алдын ала аралау жүргізіледі.

Бұл туралы өмірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг- те Ұлттық статистика бюросының облыс бойынша департаментт басшысы Марат Букенов мәлім етті.

-Біз барлық азаматты санаққа белсенді қатысуға шақырамыз.Бұл жай ғана статистикалық шара емес, бұл - азық-түлік қауіпсіздігі, фермерлерді қолдау және аймақтарды дамыту шешімдерінің негізі. Тек сенімді деректер ғана тиімді мемлекеттік арарлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі,-дейді Марат Буранбекұлы.

Сауалнамаға өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар,жеке кәсіпкерлер,фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс. Сондай-ақ, үй-үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылығы,бақшасы,жер учаскесі,мал ұстайтын үй шаруашылықтары туралы сұралады.Санақта аймақтағы 113 мың үй шаруашылығы мен 21 мың ауыл шаруашылығы өндірушілері қамтылады деп жоспарлануда.Сауалнама өткізу үшін 200-ден аса интервьюер тартылды.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін ауылдық әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімдерінде интернетке қосылған өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ашылады.Кеңес алу үшін азаматтар санақ.gov.kz сайтында санақ-Myrza виртуалды көмекшесіне немесе 1446 байланыс орталығына жүгіне алады.

А.БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

БӘЙГЕ: СКАНИРУЙ ЧЕКИ, ВЫИГРЫВАЙ 100 000 ТЕНГЕ!

Комитет государственных доходов Министерства финансов Рес- публики Казахстан, в рамках реализации государственной политики по повышению уровня соблюдения кассовой дисциплины и снижению теневой экономики, сообщает о проведении новой акция «Бәйге».

В рамках данной акции физические лица, зарегистрировавшие наи- большее количество фискальных чеков, получат вознаграждение в размере 100 000 тенге. Акция будет проводится по всей стране с 1 мая 2025 года по 31 декабря 2025 года.

По итогам каждого квартала оператор определит по одному побе- дителю от каждого региона (всего 20 победителей — по одному от каждой области и города республиканского значения), которые про- сканируют наибольшее количество фискальных чеков. Победителям будет выплачен приз в размере 100 000 тенге.

Акция будет проводится ежеквартально:

- 1-й этап: с 1 мая до конца в второго квартала;
- 2-й этап: в третьем квартале;
- 3-й этап: в четвёртом квартале.

Для участия в указанных акциях необходимо зарегистрировать чеки за оплату товаров, работ и услуг в мобильном приложении «Atiian».

С уважением,

Управление государственных доходов Ескельдинского района!

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаха- насында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шыға- рылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 892 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	--	--